

Г. Шакаримова, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: С. С. Түсіпбеков, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ

Қазақ хандығының құқықтық жүйесін әдет-ғұрып құқығы «адат» құрайды. Адат — заңдастырылған әдет-ғұрып нормалары. Бұл нормалар қазақ қоғамының құқықтық қатынастарын реттеп отырды. «Адат» араб тілінде әдет-ғұрып деген ұғымды білдіреді. «Адат» өте ерте кезден басталып, көптеген өзгеріс және толықтырулармен қазақ қоғамындағы негізгі реттеуші нормалар ретінде 1917 жылға дейін созылды.

Адат бойынша қылмыстық істер мен азаматтық құқық бұзушылықтың арасы ерекше бөлінбеді. Қылмысты қазақтар «жаман іс», «жаман сөз» деп те атады. «Айыпкер» ретінде тек қылмыс істеген адам ғана емес, оның туыстары, руы да есептелді. Сондықтан қазақтар арасында бір адамның қылмысы үшін бүкіл рудың, туыстарының ұжымдық жауапкершілігі қарастырылды. Мұнда топтық-ұжымдық талапкерлік пен жауапкершілік принципі орын алды. Мұның өзі қылмыстық істі шешуді кейде ауырлататын, кейде жеңілдететін айғақтар болды.

Саяси, қоғамға қарсы қылмыстар туралы ұғымдар болмағанымен, ханға, сұлтандарға қарсы қылмыстық әрекеттер қатаң жазаланды. «Жеті жарғыда» сұлтандар мен қожаларға қарсы қылмыстар ерекше жазаланып, оларға төленетін құн жай адамдардан жеті есе артық болды. Билерге қарсы қылмыстарды да қатаң жазалайтын нормалар пайда болды. Адат қасақана жасаған, абайсызда жасаған қылмысты терең айырмады. Мұның себебі қандайда болмасын қылмыстың орнын құн төлеу арқылы материалдық жағынан толтыруларға байланысты болса керек.

Қасақана және абайсызда жасалған әрекеттерді XVIII-XIX ғғ. тереңдеп айыра бастады. Зерттеуші Т. М. Күлтелеевтің пікірінше, қылмыс деп «феодалдық талаптардың экономикалық және саяси мүдделеріне материалдық және моралдық зиян келтіретін және олардың өздері қалыптастырған құқықтық тәртіптерді бұзуға бағытталған әрекеттер ғана түсінілді. Қылмыс деп үстемдік етуші таптардың көзқарасы тұрғысынан ғана қоғамдық қауіпті әрекеттер мойындалды».

Көшпелі өмірдің ерекшеліктеріне сай қылмысты тудыратын түрлі жағдайлар, себептер болды. Оларға жайылымдарға, суарымдарға, қыстау мен құдықтарға таластар, қалың мал мен әменгерлікке байланысты әрекеттер жатты. Қазақтар оны бір сөзбен «жер дауы», сонан соң «жесір дауы» деп атады. Көбіне осы негізде адам өлімі, барымта, руаралық тартыстар өрбіп жатты. Оның арты шауып кету, ұрып кету сияқты қанды оқиғаларға да ұласатын кездері болды.

Адат бойынша жауапкершілікке тартылмайтын кісі өлімдері болды. Оларға мынадай кісі өлімдері жатты: Иесінің құлды өлтіруі, ерінің әйелін опасыздығы үстінде өлтіруі, ата-ананың өз баласын өлтіруі, ұры-қарақшыны қылмыс үстінде өлтіру. Тек XIX ғасырда Ресей заңдарының ықпалымен мұндай әрекеттерге тыйым салынды.

Адат дене жарақатын ауыр, орта және жеңіл түрлерге бөлді. Соған қарай құн төлеуді шешті. «Жеті жарғы» бас бармақ үшін 100 қой, шынашақ үшін 20 қой төлеуді белгіледі. Жазаға тартылмайтын әрекеттер болды. Ата-анасы балаларына, ері әйеліне тіл тигізіп, ұрып-соққаны үшін жауап бермеді. Басшы адамдар қатардағы адамдарға тіл тигізгені үшін жауапты болмады. Сұлтан, қожа, би, старшындарға қарсы әрекеттер қатаң жазаға тартылды. Әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептелді. Мұндай әрекет руға түскен таңба ретінде де қатаң қуғындалды. Айттырылған, айттырылмаған қызды зорлау, күйеуі бар әйелді зорлау сияқты әйел зорлаудың түрлері ажыратылады. Әсіресе күйеуі бар әйелді зорлау ерекше қылмыс болды. Мұндай қылмыс, бір жағынан, әйелдің еріне опасыздығы деп те танылды. Адат әйелдердің, әсіресе қыздардың құқығын қорғады. Әйелдерді ренжіткендер одан кешірім сұрауға тиіс деп белгіледі «Жеті жарғы». «Қыз жат жұрттық» деп оған ерге шыққанша құрмет көрсетілді. Мүліктік қылмыстарға ұрлық, тонау, басқаның мүлкін жою немесе зиян келтіру т. б. жатты. Ұрлық көбіне мал ұрлау түрінде кездесті. Жабық жайдан ұрланған мүліктің құны, ашық жатқан мүлікті ұрлаудан жоғары болған. «Жеті жарғыда» ұрлық жасаған адам үш тоғызымен қайтаруға тиіс делінген. Ұрлық пен кісі өлтірген адам екі жазаға тартылған. Ерінің ұрлығын әйелі мен балалары біле тұра хабарламаса, оған жауапты емес. Себебі үлкеннің үстінен сөз айту әбестік саналған.

Қазақтар мұсылман ретінде ислам дінінің қағидаларына қарсы әрекеттерді қатаң жазалады. «Жеті жарғыда» құдайға тіл тигізген адам (7 адам куәлік берсе) таспен атып өлтіріледі делінген. Сонымен қатар өзіне-өзі қол салғандар бөлек жерленген. Қазақ қоғамындағы көп әйел алу, неке қию, жаназа шығару, жерлеу рәсімдері де шариғатпен тығыз байланысты. Қасиетті жерлерді, зираттарды қорлағаны үшін де қатаң жаза қолданылды. Дінге қарсы қылмыстар бетіне қара күйе жағылып, масқараланып, райынан қайтпаған жағдайда өлім жазасына дейін кесілді. Өлім жазасы да, дене мүшелерін кесу де, құн төлеумен ауыстырылып отырған.

Сондай-ақ елден көшіріп жіберу, мүлкін тәркілеу, айып салу, дүре соғу, басыбайлы құлдыққа беру, айыпкерді талапкерге жұмысқа беру, масқаралау сияқты көптеген жаза түрі болды. Жаза әр уақытта қылмысқа қарай билер сотының жан-жақты тергеп тексеруімен үкім ретінде қолданылатын. Жазаны жүзеге асыру көпшіліктің алдында ашық түрде орындалатын. Құн төлеу дау-дамайды шешудің негізгі құралдарының бірі болды. Қылмыстың түріне қарай құн төленді. Құн — ақысын төлеп, жазадан құтылудың жолы, қылмыстың мал арқылы өлшенетін мөлшері. Ердің құны — 1000 қой, әйелдің құны — 500 қой деп белгіленген. Адат

сұлтандар мен қожаларға артықшылық беріп, олардың құнын жеті есе артық белгіледі. Сондай-ақ қылмыстың басқа да түрлерінің де өзіне лайықты құны болды. Адамдарды қинап өлтіргенде немесе мәйітті тығып тастағанда, құнның көлемі артқан. Мұндай жағдайда ерлер үшін 10-20 түйе, әйелдер үшін 5-10 түйе артқан құн бөлінген.

Қорыта айтқанда, қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша қазақ қоғамындағы сот, отбасы, азаматтық, қылмыстық істер өз шешімін тауып отырды. Әдет-ғұрып құқығы нормалары баяу дамыды. «Қасым ханның қасқа жолынан» «Жеті жарғыға» дейін адатқа көптеген қосымша енгізілді. Адаттың білгірлері және орындаушылары билер әдет-ғұрып нормалары негізінде сот билігін жүргізіп отырды. Адат қоғамдағы үстем тап өкілдерінің мүддесін көздесе де, қатардағы ру мүшелерінің құқығын да жерде қалдырмады. Адаттың нормалары адамгершілік, гумандық ізгілікті де қорғады. Қоғамның бірлігі мен топтасуын сақтау адаттың басты міндеттерінің бірі болды. Үлкенді, лауазым иесін, отбасы басшысын, ата-ананы сыйлау да адат нормаларынан орын алды. Мұның өзі қоғамдағы тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтың жолын кесті. Адат шарифатпен тығыз байланыста болды. Шарифат нормалары адатты байытты. Бірақ адат нормалары шарифат нормаларына басымдық бермеді. Адаттың көптеген нормасының бүгінгі құн үшін де маңызы зор.